

Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін мәртебесінен айыру және оларды Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1672 Қаулысы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 5-бабына және «Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру және одан айыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1032 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесінен айырылсын және олар Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарылсын.
2. Алматы қаласының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 6 7 2 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін мәртебесінен айыру және оларды Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастау туралы

Р / с №	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
1	2	3	4
1.	Әуежай сәулетшілер В.П. Ищенко, О.Н. Наумова, Ю.Г. Литвиненко, Ю. И. Ш а р а п о в ; инженерлер К. Нұрмақова, З. Суханова, 1973 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Майлин к-сі, 2

2.	Көпес Муровтың үйі («Баспасөз» ғимараты, коммерциялық дүкен) XX ғ. басы	Қала құрылысы және сәулет	Уәлиханов к-сі, 14
3.	София шіркеуі («Ударник» кинотеатры) 1858 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Яссауи көшесі (Орталық), 34
4.	1920 ж. бүлікшілік кезінде Д.Фурманов пен оның серіктестерінің жасырынуы үшін көзделген Ходжаевтың үйі («Жетісу» аяқ киім фабрикасының № 1 филиалы), XX ғ. басы	Қала құрылысы және сәулет	Төлебаев к-сі, 36 а, «Жетісу» аяқ киім фабрикасының аумағында
5.	Генерал-губернатордың кеңсесі 1911 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Достық даңғылы, Қазыбек би к-нің қиылысы
6.	Жетісу облыстық ұлт істері жөніндегі бөлімнің ғ имараты («Жас Алаш» газетінің редакциясы) 1918 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Мақатаев к-сі, 22
7.	Алматы-1 станциясы темір жол вокзалының ғ имараты сәулетшілер С.О. Мхиторян, З.М. Солдатова, 1976 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Алматы-1 станциясы
8.	В.И. Лениннің ескерткіші мүсінші С.Д.Меркұлов, сәулетші Сафарғалиев 1981 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Сейфуллин даңғ., Теміржолшылар мәдениет сарайының гүлзары
9.	Әмбебап дүкен сәулетшілер М. Қабылбаев, Ш. Уәлиханов, С. Рүстембеков, 1979 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Жібек жолы к-сі, 67
10.	С.М. Кировтың ескерткіші, 1952 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Төле би көшесі, Масаншы к-нің қиылысы
11.	Қазақ КСР НКВД-ның клуб-театры (республикалық музыкалық комедиялық ұйғыр театры), сәулетші И.И. Буровцев 1931–1934 жж.	Қала құрылысы және сәулет	Наурызбай батыр к-сі, 83
12.	Түркістан атқыштар дивизиясының 3-ші саяси бө лімі орналасқан, Бағбан Бреусовтың үйі («Алтын Алма» фирмасының ғимараты) XX ғ. басы	Қала құрылысы және сәулет	Абдуллиндер к-сі, 31
13.	Л.П. Емелевтің кеуде мүсіні мүсінші Е.Т. Мергенов сәулетші Ш.Е. Уәлиханов, 1967 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Гоголь к-сі, Достық даңғ. қиылысы
14.	П. Виноградовтың кеуде мүсіні мүсінші Б. Урманче, сәулетші Чиркин 1956 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Қарасай батыр к-сі, Наурызбай батыр к-сінің қиылысы
15.	Қазан революциясы күрескерлеріне арналған ескерткіш, мүсінші Н.С. Журавлев, сәулетші Б.К. Воронин, И.Я. Токарь, 1967 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Райымбек батыр даңғ., Пушкин к-нің қиылысы

16.	М. Фрунзенің ескерткіші мүсінші А. Исаев, сәулетші И. Белоцерковский, 1967 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Бастапқыда - Қабанбай батыр және Наурызбай батыр к-лерінің қиылысында ғы гүлзарда
17.	М. Калининнің ескерткіші мүсіншілер Х. Наурызбаев, В. Рахманов, сәулетшілер А. Әбдіәлиева, А. Ордабаев 1974 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Бастапқыда - Алматы II бекетінің вокзал маңындағы алаң, Әуезов ауданының МжДП
18.	В.И. Ленин ескерткіші мүсінші Е.В. Вучетич, сәулетші И.И. Белоцерковский 1957 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Бастапқыда - Үкімет үйі алдындағы гүлзар, Әуезов ауданының МжДП
19.	Хумдан төбе қонысы орта ғасырлар (б.д.д. X-XIII ғғ.)	Археология	Қазақ теледидары, 6-кірпіш зауыты к-сі (Желтоқсан-Ганди к-рі, облыстық Прокуратураның артында)
20.	Қоныс орта ғасырлар (б.д.д. X-XIII ғғ.)	Археология	Х. Мұқан, Тайманов, Достық д-лының төртбұрышы (шекараучилищесі)
21.	Терісбұлақ (Каменка) қонысы орта ғасыр (б.д.д. X-XIII ғ.ғ.)	Археология	«Түрксіб» демалыс үйінен солтүстікке 150 м., Каменка өзенінің оң жағ алауы, Таулы қырат кентінің орталығынан оңтүстікке қ а р а й 1,5 км
22.	Қоныс (Весновка) қонысы орта ғасыр (б.д.д. X-XIII ғ.ғ.)	Археология	Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Бас Ботаникалық саябағының солтүстік-батыс жағында
23.	Қоныс (қалдықтар) (Ремизовка) қонысы орта ғасыр (б.д.д. X-XIII ғ.ғ.)	Археология	Әл-Фараби д-нан жоғары, Ремизовка шатқалының « Ремизовка» демалыс ү йіндегі бұрылыста, жоғарыға өрлейтін жолдан солға
24.	Тереңқара қонысы қола дәуірі (б.д.д. IX-VIII ғ.ғ.)	Археология	Құрылысшы ықшам ауданының және «Заря Восток» поселкасының солт. Бөлігі, Тереңқара мен Ащыб ұлақ өзенінің ортасы
25.	Тереңқара қалашығы орта ғасыр (б.д.д. X-XIII ғғ.)	Археология	«Заря Востока» ықшам ауданының оңт.-бат., зират аумағында, Тереқара өзеніні ң оң жағалауы
26.	Қорған қорымы Тереңқара (8) ерте көшпелілер дәуірі (ETF, б.д.д. VI-III ғ.ғ.)	Археология	«Құрылысшы» ықшам ауданының солтүстігі, Терең құра мен Ащыбұлақ өзенінің ортасы

27.	Ұлжан қорған қорымы (10) ерте заманғы көшпелілер дәуірі (ETF, б.д.д. VI-III ғ.ғ.)	Археология	«Ұлжан» ықшам ауданы, Үлкен Алматы өзенінің оң жағалауы
28.	Көк-қайнар қонысы («Көк-қайнар -2» қорған қорымы) ерте заманғы көшпелілер дәуірі (ETF, б.д.д. VI-III ғ.ғ.)	Археология	«Көкқайнар» ықшам ауданының солтүстік бөлігінен 0,5 км, мұсылман зиратының батысы
29.	Қорған ерте заманғы көшпелілер дәуірі (ETF, б.д.д. VI-III ғ.ғ.)	Археология	Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Бас ботаникалық саябағы, Тимирязев к-нен 800 м. оңға
30.	Қорған ерте заманғы көшпелілер дәуірі (ETF, б.д.д. VI-III ғ.ғ.)	Археология	Бөкейханов к-сі мен Солтүстік айналымның қиылысынан солтүстікке 100 м., Дорожник ықшам ауданы, орталық зират
31.	Қорған (қалдықтар) ерте заманғы көшпелілер дәуірі (ETF, б.д.д. VI-III ғ.ғ.)	Археология	Штраус пен Комаров көшелерінің қиылысынан 60 м солтүстікке, № 38 мектебінің төмен жағы
32.	Қорған қорымы (2) ерте заманғы көшпелілер дәуірі (ETF, б.д.д. VI-III ғ.ғ.)	Археология	ІІМ қосалқы шаруашылығы аумағында, Ремизовка шатқалы жолынан 40 м
33.	Қорған қорымы (2) ерте заманғы көшпелілер дәуірі (ETF, б.д.д. VI-III ғ.ғ.)	Археология	ІІМ қосалқы шаруашылығы аумағында, Ремизовка шатқалы жолынан 20 м
34.	«Медеу» қонақ үйі сәулетшілер В.З. Кацев, С.К. Кахонович, И.Г. Косогова, А.С. Қайнарбаев, инженерлер Ш.Челидзе, В. Чеченева, 1977 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Медеу шатқалы
35.	М. И. Калининнің бюсті мүсіншілер Х.И. Наурызбаев, В. Ю. Рахманов; сәулетші А.К.Капанов 1974 ж.	Қала құрылысы және сәулет	Төле би к-сі, Гагарин д-ның қиылысы (Алматы ауыр машина жасау зауытының гүлзары)